

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Университеттің Ғылыми кеңесінде  
қарастырылды  
№ 19 хаттама  
«31» 08 2022 ж.

"БЕКІТЕМІН"

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ  
агротехникалық университеті» АҚ  
Басқарма төрағасы

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2022 ж.



**7М08102 «АГРОТЕХНОЛОГИЯ»  
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Код және білім беру саласының классификациясы: 7М08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар

Код және дайындық бағытының классификациясы: 7М081 Өсімдік шаруашылығы

Білім берудің халықаралық стандарттау классификациясындағы коды: 0812

Берілетін дәреже: «Агротехнология» оқу бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі

Оқу мерзімі: 2 жыл (ғылыми – педагогикалық бағыт)

### АВТОРЛЫҚ ҰЖЫМ:

Т.А.Ә.	Жұмыс орны	Қызметі, ғылыми дәрежесі, атағы
Амантаев Бекзак Омирзакович	С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ	кафедра меңгерушісі, а.ш.ғ.к.
Стыбаев Гани Жасымбекович	С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ	а.ш.ғ.к., профессор
Шестакова Нина Адамовна	С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ	а.ш.ғ.к., доцент
Гордеева Елена Анатольевна	С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ	а.ш.ғ.к., доцент
Жумагулов Игилик Имангалиевич	С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ	а.ш.ғ.к., доцент
Байтеленова Алия Аскеровна	С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ	а.ш.ғ.к., аға оқытушы

Авторлық ұжым С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 12.12.2018 ж. № 932-Н бұйрығы бойынша бекітілген

«Агротехнология» оқу бағдарламасы «Егіншілік және өсімдік шаруашылығы» кафедрасының 2022 жылғы «26» тамыздағы мәжілісінде қаралды, № 1 хаттамамен, Агрономия факультетінің Кеңесімен 2022 жылғы «27» тамыздағы № 1 хаттамасымен мақұлданды.

## МАЗМҰНЫ

№	Компонент атауы	бет
1	Оқу бағдарламасының паспорты	4
2	Оқу бағдарламасының жалпы сипаттамасы	5
3	Түлектің құзыреттілік моделі (портреті)	6
4	Кәсіби іс – саналардан өту базалары	8
5	Оқу бағдарламасының құрылымы	9
6	Қосымша 1. Академиялық күнтізбе	10
7	Қосымша 2. Жұмыс оқу жоспары	12
8	Қосымша 3. Білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша қалыптасқан оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің өзара байланысы (Оқыту нәтижелерін қалыптастыруға пәндердің әсер ету матрицасы)	13
9	Өзгертулер мен толықтырулар	

## **1 Оқу бағдарламасының паспорты**

### **1.1 Оқу бағдарламасының мақсаты мен міндеттері**

"Агротехнология" оқу бағдарламасының мақсаты – кәсіби агрономиялық жұмыстарда және бағытты білім беру саласында заманауи ғылыми-зерттеу және басқару мәселелерін құрастыра отырып, шешуге қабілетті егіншілік және өсімдік шаруашылығына мамандар дайындау.

### **1.2 Оқу бағдарламасының негізгі міндеттері:**

1. Түлектің кәсіби қызметке, ұтқырлыққа, үздіксіз кәсіби және адамгершілік тұрғыдан дамуға және өмір бойы өсуге дайындығын қалыптастыру.

2. Жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің қазіргі және келешек қажеттіліктеріне сәйкес өсімдік шаруашылығы саласында жоғары білімді, іскер және бәсекеге қабілетті мамандар даярлау.

3. Аймақтық экономика мен еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес өндірістік-технологиялық, ұйымдастыру-басқару, педагогикалық қызметке түлектерді бейімдеу және кәсіптік, педагогикалық дайындықтағы өсімдік шаруашылығы саласы үшін магистр даярлау.

### **1.3 Оқытудың нәтижесі:**

**PO1** – Жоғары, арнайы білім беру ұйымдарында педагогикалық қызметтерді атқара алатын, философия ғылымдары мен тарихтары саласының білімдерін қолдана отырып кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын қабілетінің болуы, сала кәсіпорындарын дамыту үшін өз көшбасшылық қасиеттерін көрсете білу.

**PO2** – Кәсіби деңгейде шет тілдерін меңгеріп, шетелдік ғылыми ортада қарым-қатынас жасау, егіншілік және өсімдік шаруашылығы саласында ғылыми жобалар мен зерттеулерді жүргізу, білімді тұрақты жаңартуды қамтамасыз ету, кәсіби дағдылар мен іскерлікті кеңейту қабілетінің болуы.

**PO3** – Өсіріліп отырған ауылшаруашылық дақылдарын аурулардан, зиянкестерден, арамшөптерден қорғауды қамтамасыз ету мәселелерін шешу, пестицидтердің инновациялық препаративтік формаларын, қорғаудың заманауи технологияларын қолдану арқылы өсімдіктерді қорғау жүйесін жобалау қабілетінің болуы.

**PO4** – Топырақ құнарлылығын ескере отырып, тыңайтқыштар мен мелиоранттарды тиімді және экологиялық қауіпсіз қолдану негізінде танаптық дақылдарды минералды қоректендіруді оңтайландыру және реттеу бойынша практикалық дағдылар мен іскерлік қабілетінің болуы.

**PO5** – Ауылшаруашылық ғылымдарының соңғы жетістіктері негізінде ауылшаруашылық дақылдарының отырғызу материалдары мен тұқымдарын өндіруді ұйымдастыра білу, егістіктерде апробация жүргізуді, таңдау мен гибридизация жұмыстарын атқара білу, алғашқы реттік тұқым шаруашылығы

және соттарды сынау питомниктерін құру негіздерін меңгере білу, селекция және тұқым шаруашылығында құжаттарды толтыруды білу

**PO6** –Топырақ құнарлылығын сақтайтын және жоғарылатуды қамтамасыз ететін егіншілік тәсілдерін қолдану, дақылдарды өсірудің қор үнемдеуші технологисының жағдайын кешенді бағалау, дақыл өнімдерінің төмендететін мүмкін ықпалдарды бағалау, өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен өсімдіктердің дамуын басқару бойынша іс әрекеттер жасау, танаптық дақылдарды өсіру технологиясының элементтерін ауыстыру жағдайына кәсіби бейім болу қабілеттерінің болуы

**PO7** – Тәжірибе істерінің әдістемесі мен алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық өңдеу негізінде ғылыми агрономия саласында терең білімді практика жүзінде пайдалану, ғылыми зерттеу және кәсіби жұмыстарда шығармашылық қабілетінің болуы, кәсіби салада ақпараттарды алмасу бойынша жұмыстарды ұйымдастыра білу, алынған мәліметтерді талдау және бағалай білу.

**PO8** –Қазақстан Республикасының патенттік жүйелер мәселелерінде зияткерлік меншік жұмыстары бойынша халықаралық құқық саласындағы білімінің болуы, патенттік заңнаманы және зияткерлік меншік туралы заңнаманы қолдану дағдысының болуы

**PO9** – Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасын сараптау және олардың сәйкестігін растау бойынша ақпараттарды жинау және өндеуде қабілеттің болуы, өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасы туралы ақпараттарды өз бетімен іздеу ,бағалау және талдау.

## **2 Оқу бағдарламасының жалпы сипаттамасы**

Магистратураның ғылыми-педагогикалық бағытындағы "Агротехнология" оқу бағдарламасы ұлттық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттарға сәйкес әзірленген, Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде (2018 жылғы 31 қазандағы № 604 ҚР БҒМ бұйрығы) және Калифорния штаты, АҚШ, Дэвис университетінің профессорларымен бірлесіп әзірленген.

Жүзеге асырылып жатқан бағдарламаның ерекшелігі оның педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың қазіргі заманғы әдістерін меңгерген, Жалпы егіншілік және Өсімдік шаруашылығы саласындағы білім мен құзыреттілікті біріктіретін кәсіби қызметке түлектерді даярлауға бағытталуы болып табылады.

Оқу бағдарламасының бірегейлігі - кәсіби пәндердің практикалық сабақтарын тікелей далалық және зертханалық жағдайларда дақылдарды оқи отыра, а/ш операцияларын және т.б. тікелей далада (университет кампусында) жүргізе отырып өткізу болып табылады.

Оқу бағдарламасы жұмыс берушілер мен серіктес ЖОО талаптарын, сондай-ақ магистранттардың қажеттіліктері мен мүдделерін ескере отырып,

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік қызметпен байланысты базалық және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған.

Оқу бағдарламасы шеңберіндегі жоғары іргелі дайындық магистратура түлектеріне докторантурада оқуын жалғастыруға мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасы пәндерді оқытудың модульдік жүйесі негізінде жобаланған және жалпы мәдени, арнайы тілдік және кәсіби құзыреттерді қалыптастыратын 6 модульден тұрады.

Осы оқу бағдарламасының көлемі - 120 кредит, оның ішінде: 84 кредит - теориялық оқыту (педагогикалық және зерттеу тәжірибесін ескеру); 24 кредит - ғылыми-зерттеу жұмысы; 12 кредит - қорытынды аттестаттау.

### **3 Түлектің құзіреттілік моделі (портреті)**

#### **3.1 Кәсіби қызмет ету салалары**

Кәсіби қызмет ету салалары болып табылады:

- жергілікті және республикалық мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ ауыл шаруашылығы құрылымдарының әртүрлі түрлері (жеке, ұжымдық, фермерлік шаруашылықтар, акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, өндірістік кооперативтер және т. б.);

- аграрлық және биологиялық бейіндегі жоғары, арнаулы орта, кәсіптік-техникалық оқу орындарындағы білім беру қызметі, ғылыми, өндірістік мекемелердегі, жергілікті, аудандық, облыстық, республикалық құрылымдардың аппараттарындағы ғылыми және басқару қызметі.

#### **3.2 Кәсіби қызмет ету түрлері**

Осы оқу бағдарламасы аясында білім алған түлектер өндірістік-технологиялық, ұйымдастыру-басқару, ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызмет түрлерін жүзеге асыра алады.

#### **3.3 Базалық құзіреттер**

Білім алушы міндетті:

**білуі керек:** - ғылыми қызметті ұйымдастырудың әдістемесін, принциптерін және құрылымын; - өндірістік қызметтің тиімділігін арттыру және оқытудың психологиялық, педагогикалық әдістерін; - өсімдіктерді зиянкестерден, аурулардан және арамшөптерден қорғау әдістерін; - ауыл шаруашылығы дақылдарын қоректендірудің және тыңайтқыштарды қолданудың ғылыми негіздерін.

**істей алуы керек:**-шет тілін кәсіби деңгейде еркін меңгеруі, ғылыми-зерттеу және талдау жұмыстарының нәтижелерін жалпылау; - білім алушылармен оқу, ғылыми-зерттеу және басқа да жұмыс түрлерін жүргізу; - Педагогика және психология білімін, оқытудың интерактивті әдістерін қолдану; - қазіргі заманғы әдістемелерді қолдана отырып, ауыл

шаруашылығы дақылдарын химиялық және интеграцияланған қорғау моделін құру; - дақылдарға, ауыспалы егіске, шаруашылыққа арналған тыңайтқыштарды қолдану жүйесін әзірлеу және негіздеу.

**дағдысы болу керек:** кәсіби қарым-қатынас және мәдениетаралық қарым - қатынас, өз ойларын шетел тілінде ауызша және жазбаша түрде дұрыс және қисынды рәсімдеу; ғылыми-зерттеу қызметі; педагогикалық қызметті жүзеге асыру; пестицидтер мен өсімдіктерді қорғаудың биологиялық құралдарын онтайлы таңдау; топырақты, органикалық және минералды тыңайтқыштарды талдаудың агрохимиялық әдістерін және оларды өндірісте қолдану.

**құзыретті болуы тиіс:** Кәсіби шет тілін білуде (ағылшын тілі - B2 немесе IELTS 6.0 деңгейі); білім алушылардың оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін әзірлеу және пайдалану және ҒЗЖ басқару; оқу сабақтарын өткізу; өсімдік шаруашылығы мен егіншілік саласындағы ғылыми жобалар мен зерттеулерді орындау, осы білімді кәсіби агрономиялық қызметте қолдану және білу.

### **3.4 Кәсіби құзіреттер**

Магистрант міндетті:

**білуге тиіс:** егіншілік және өсімдік шаруашылығы саласындағы іргелі және қолданбалы ғылымдар негіздерін; егіншіліктің аймақтық жүйелерінің жалпы теориялық негіздерін, ғылыми зерттеулер жүргізу және оның нәтижелерін математикалық өңдеу әдістемесі мен әдістерін; тұқым шаруашылығының, сортты алмастыру және сұрыптық жаңартудың ғылыми негіздерін; техникалық реттеу негіздерін (стандарттау және сәйкестікті растау) және өсімдік шаруашылығы өнімінің қауіпсіздік сапасына қойылатын талаптарды.

**істей алуы керек:** - егіншілік және өсімдік шаруашылығы саласындағы қорытындыларды тұжырымдау және негіздеу, ұсыныстарды құру; - зерттеу саласы шеңберінде патенттік іздеу жүргізу; - егіншілік жүйелеріндегі өсімдіктердің өмір сүру жағдайын реттеу және агротехнология көмегімен ; - құжаттарды рәсімдеу, өсімдік шаруашылығы өнімінің сәйкестігін сараптау және растау бойынша практикалық жұмыс үшін өнім сапасының негіздері бойынша алған білімдерін қолдану; - дала тәжірибесін жоспарлау, салу және жүргізу; - егіншілік және өсімдік шаруашылығы саласындағы құжаттарды жүргізу; ғылыми деректерді статистикалық өңдеу нәтижелерін, агрономияның теориялық білімін практикада қолдану.

**дағдысы болу керек:** агрономияның заманауи әдістерімен теориялық және практикалық жұмыстар жасау, құжаттарды жүргізу; патенттік іздеуді өз бетінше жүргізу; ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу; өсімдік шаруашылығының жоғары сапалы өнімдерін алу мақсатында технологиялық процестерді ұйымдастыру; жеке ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау және жүргізу; технологиялық процесс компоненттерін әзірлеу, енгізу, бақылау, бағалау және түзету.

**құзыретті болуы тиіс:** ғылыми агрономия саласында терең білімді практикалық пайдалануда, өсірудің қазіргі заманғы технологияларын қолдануда; технологиялық процесс учаскесіндегі іс-әрекет нәтижесіне жауапкершілікті қабылдай отырып, қызметкерлер тобын басқаруда.

#### **4 Кәсіби іс – саналардан өту базалары**

Магистратураның ғылыми-педагогикалық бағытындағы "Агротехнология" оқу бағдарламасы екі іс-сананы қамтиды, олар жүргізіледі:

- теориялық оқытумен қатар (педагогикалық);
- теориялық оқудан бөлек (зерттеу).

2 кредит көлеміндегі магистранттардың педагогикалық практикасы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің егіншілік және өсімдік шаруашылығы кафедрасында жүргізіледі. Педагогикалық практикадан өту аясында магистранттар бакалавриат пәндері бойынша сабақтар өткізеді.

Зерттеу іс - санасы, көлемі 9 кредит, отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен танысу, егіншілік және өсімдік шаруашылығы саласындағы тәжірибелік деректерді өңдеу, түсіндіру және өз зерттеулерін жүргізу мақсатында зерттеу жүзеге асырылатын орын бойынша жүргізіледі.

Магистрлік диссертацияның тақырыбына байланысты зерттеу іс - санасының базалары ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен фермерлік шаруашылықтардың танаптары, ғылыми-зерттеу институттарының тәжірибелік танаптары, аймақтық тәжірибе станцияларының танаптары, аймақтық сорт сынау инспекциясының танаптары болып табылады, оның ішінде: "С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" АҚ-ның ғылыми-тәжірибелік кампусы, "Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ" ЖШС, "А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми – өндірістік орталығы" ЖШС, "Мал шаруашылығы және мал азығын өндіру ҒЗИ" ЖШС, "Картоп және көкөніс шаруашылығы ҒЗИ" ЖШС, "Павлодар ауыл шаруашылығы ҒЗИ" ЖШС, "Оңтүстік-батыс мал және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ" ЖШС, "Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы ҒЗИ" ЖШС, "күріш шаруашылығының ҚазҒЗИ" ЖШС, "Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы ҒЗИ" ЖШС, "Қостанай АШҒЗИ" ЖШС, "Қарабалық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" ЖШС, "Қарағанды тәжірибе станциясы" ЖШС, "Майлы дақылдардың тәжірибе шаруашылығы" ЖШС, "Агрохимиялық қызметтің республикалық ғылыми-зерттеу әдістемелік орталығы" ММ, "Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорт сынау жөніндегі тың аймақтық инспектурасы" ММ, "Байсерке Агро" ЖШС, "Родин" ЖШС, "Атамекен Агро" ЖШС, "Агрофирма TNK" ЖШС, "SC Food" ЖШС, "Алиби Агро" ЖШС, "Фермер 2002" ЖШС, "Максимовское" ЖШС, "Ақмола Феникс" ЖШС.



## 5 Білім беру бағдарламасының құрылымы

№ п/п	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		Академиялық сағаттарда	Академиялық кредиттерде
1	2	3	4
1.	<b>Теориялық оқыту</b>	<b>2520</b>	<b>64</b>
1.1	<b>Негізгі пәндер циклі (НП)</b>	<b>1320</b>	<b>35</b>
	<b>Жоғары оқу орыны компоненті (ЖК):</b>	<b>1020</b>	<b>20</b>
	Ғылым тарихы және философиясы	150	5
	Жоғары мектеп педагогикасы	90	3
	Басқару психологиясы	150	5
	Педагогикалық тәжірибе	60	2
	Шет тілі (кәсіби)	150	5
	Академиялық мақсатқа арналған шет тілі	150	5
	Зерттеу тәжірибесі	270	9
1.2	<b>Таңдау компоненті бойынша (ТК)</b>	<b>300</b>	<b>10</b>
	Өсімдіктерді интегралды қорғау	150	5
	Ауылшаруашылық дақылдарының қоректенуін оңтайландыру	150	5
2	<b>Бейіндік пәндер циклі (БП)</b>	<b>1200</b>	<b>40</b>
	<b>Жоғары оқу орыны компоненті (ЖК):</b>	<b>600</b>	<b>20</b>
	Селекция мен тұқым шаруашылығының теориясы және практикасы	150	5
2.1	Егіншілік жүйесі және өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру	150	5
	Тәжірибе ісінің әдісі	150	5
	Патенттеу және зияткерлік меншікті қорғау	150	5
	<b>Таңдау компоненті бойынша (ТК)</b>	<b>600</b>	<b>20</b>
	Дақылдардың заманауи тұқымтану және тұқым шаруашылығының теориялық негіздері	150	5
2.2	Биометрия		
	Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сәйкестігін растау	150	5
	А/ш дақылдарын өндеудің қорунемдейші технологиясының агробиологиялық негіздері	150	5
3	<b>Ғылыми-зерттеу жұмыстары</b>	<b>720</b>	<b>24</b>
3.1	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, магистрлік диссертацияны орындаумен қоса	720	24
4	Оқытудың қосымша түрлері		
5	<b>Қорытынды аттестация (ҚА)</b>	<b>360</b>	<b>12</b>
3	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	360	12
4	<b>Қорытынды</b>	<b>3600</b>	<b>120</b>

**Қосымша 1. Академиялық күнтізбе\*\*\***

Бекітемін

«С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ

Ғылыми кеңес Төрағасының м.а.

Е.Н.Нысанбаев

05 2022 ж.

2022-2023 оқу жылына арналған  
**АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ**

магистратураның дайындау бағыттары бойынша

1 триместрдің басталуы		1 қыркүйек
1	Презентациялық апта, білім алушылардың пәндерге тіркелуі	1 қыркүйектен 2 қыркүйекке дейін (1 курстар үшін 29 тамыздан 2 қыркүйекке дейін)
2	<i>Конституция күні</i>	30 тамыз
3	<i>Білім күні</i>	1 қыркүйек
4	Емтихан сессиясы	14 қарашадан 25 қарашаға дейін
5	<i>Тұңғыш Президент күні</i>	1 желтоқсан
6	ҒХ тапсыру	14 қарашадан 9 желтоқсанға дейін
7	<i>Тәуелсіздік күні</i>	16 желтоқсан
8	Демалыс	28 қарашадан 31 желтоқсанға дейін
9	<i>Жаңа жыл</i>	1, 2, 3 қаңтар
2 триместрдің басталуы		1 қаңтар
10	<i>Рождество</i>	7 қаңтар
11	<i>Халықаралық әйелдер күні</i>	8 наурыз
12	<i>Наурыз мейрамы</i>	21, 22, 23 наурыз
13	Емтихан сессиясы	13 наурыздан 24 наурызға дейін
14	ҒХ тапсыру	13 наурыздан 31 наурызға дейін
15	Демалыс	27 наурыздан 31 наурызға дейін
3 триместрдің басталуы		1 сәуір
16	<i>Қазақстан халқының бірлігі мерекесі</i>	1 мамыр
17	<i>Отан қорғаушы күні</i>	7 мамыр
18	<i>Жеңіс күні</i>	9 мамыр
19	Емтихан сессиясы	12 маусымнан 23 маусымға дейін
20	Демалыс	26 маусымнан 31 тамызға дейін
21	ҒХ тапсыру	12 маусымнан 30 маусымға дейін
22	Жазғы триместрге жазылу	26 маусымнан 30 маусымға дейін
23	Қорытынды емтихан	30 маусымға дейін
24	Жазғы триместр	3 шілдеден 11 тамызға дейін
25	<i>Астана күні</i>	6 шілде

«С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ Ғылыми кеңесінде бекітілді,  
хаттама № 14, 13.05.2022 ж.

Ескерту: сабақ демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, онда келесі жұмыс күнінен басталады.

\*\*\* Оқу жылының басында каралады және бекітіледі



## Қосымша 2. Жұмыс оқу жоспары

ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЫ																								
M131 – Өсімдік шаруашылығы мамандығы бойынша																								
“Агротехнология” Модульдік білім беру бағдарламасының																								
7M08 – Ауыл шаруашылығы және биоресурстар білім беру саласының																								
7M081 – оқыту бағытының																								
2022-2024 оқу жылына арналған																								
Дәрежесі Магистратур бағыттары бойынша (Ғылыми-педагогикалық)																								
Оқыту формасы: Күнділі (магистратура 2 жыл) триместр																								
Оқуға түскен жылы: 25-05-2022																								
Модульдің шифрі	Модульдің атауы	Пәннің циклы	Пәннің компоненті	Пәннің коды	Пәннің атауы	Академиялық кредиттер	Бақылаудың академиялық						Оқу сағатының көлемі				Кредиттерді академиялық мерзімге бөлу							
							Емтихан дар	Дифференциалды	Дифференциалды сынақ(құрстық)	Практика /ҒЖЗ	Барлығы	Аудиторлық	соның ішінде			ОМӘЖ	МӘЖ	1 курс			2 курс			
													Дерістер	Тәжірибелік	Лабораториялық			1	2	3	4	5	6	
																								10
Мамандық/білім беру бағдарламасы модульдері																								
1	Өсімдіктердің	БП	ТК	IZR 5204	Өсімдіктерді интегралды қорғау	5	2				150.0	50.0	1/20	2/30		1/20	5/80	5.0						
2	коректендіру және	БП	ТК	OPSK 5205	Ауылшаруашылық дақылдарының коректенуін онтайландыру	5	2				150.0	50.0	1/20	2/30		1/20	5/80	5.0						
3		БП	ЖК	IP 5201	Зерттеу тәжірибесі	5					150.0										5.0			
4	Ғылыми	БП	ЖК	IP 6204	Зерттеу тәжірибесі	4					120.0											4.0		
5	зерттеулердің	КП	ЖК	MOD 5301	Тәжірибе ісінің әдістемесі	5	2				150.0	50.0	1/20	2/30		1/20	5/80	5.0						
6	әдістемесі	КП	ЖК	PZIS 6306	Патенттеу және зияткерлік меншікті қорғау	5	5				150.0	50.0	1/20	2/30		1/20	5/80						5.0	
7		КП	ТК	Bio 6300	Биометрия	5	4				150.0	50.0	1/20	2/30		1/20	5/80						5.0	
8		БП	ЖК	IYaP 5203	Шет тілі (кәсіби)	5	1				150.0	50.0		3/50		1/20	5/80	5.0						
9	Тілдік пәндер	БП	ЖК	AYaDAC 5205	Академиялық мақсаттардағы ағылшын тілі	5	2				150.0	50.0		3/50		1/20	5/80		5.0					
10		БП	ЖК	IFN 5201	Ғылым тарихы және философиясы	5	1				150.0	50.0	1/20	2/30		1/20	5/80	5.0						
11	Қоғамдық -	БП	ЖК	PVSH 5202	Жоғары мектеп педагогикасы	3	1				90.0	30.0	0/10	1/20		0/12	3/48	3.0						
12	педагогикалық	БП	ЖК	PIU 5203	Басқару психологиясы	5	1				150.0	50.0	1/20	2/30		1/20	5/80	5.0						
13		БП	ЖК	PP 5201	Педагогикалық тәжірибе	2					60.0							2.0						
14	Ауылшаруашылық	КП	ЖК	SZPRP 5306	Егіншілік жүйесі және өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру	5	3				150.0	50.0	1/20	2/30		1/20	5/80				5.0			
15	дақылдарын өндіру	КП	ТК	PSPRP 6305	Өсімдік шаруашылығы өнімдерін сәйкестігің растау	5	4				150.0	50.0	1/20	2/30		1/20	5/80					5.0		
16		КП	ТК	AORTV/PK 6300	А/ш дақылдарын өңдеудің қорунемдейші технологиясының агробиологиялық негіздері	5	5				150.0	50.0	1/20	2/30		1/20	5/80						5.0	
17	Ауылшаруашылығы	КП	ЖК	TPSS 5306	Селекция мен тұқым шаруашылығының теориясы және практикасы	5	3				150.0	50.0	1/20	2/30		1/20	5/80				5.0			
18	дақылдарының	КП	ТК	TOSSSK 6303	Дақылдардың заманауи тұқымтану және тұқым шаруашылығының теориялық негіздері	5	4				150.0	50.0	1/20	2/30		1/20	5/80					5.0		
Қосымша модульдер																								
19	зерттеу жұмыстары	ҒЗЖ	ЖК	NIRMVVMD	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, магистрлік диссертацияны орындаумен қоса	5					150.0												5.0	
20		ҒЗЖ	ЖК	NIRMVVMD	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, магистрлік диссертацияны орындаумен қоса	1					30.0													1.0
21		ҒЗЖ	ЖК	NIRMVVMD	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, магистрлік диссертацияны орындаумен қоса	10					300.0													10.0
22		ҒЗЖ	ЖК	NIRMVVMD	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, магистрлік диссертацияны орындаумен қоса	8					240.0													8.0
<b>Теориялық оқыту бойынша барлығы</b>						73	15	0	0	0	3240	730	250	480	0	292	1168							
<b>ОҚТ Оқытудың қосымша түрлері</b>						35											1050.0							
ПП Педагогикалық практика						2			1	1							60							
ПЗ Зерттеу практикасы						9			3,4	4							270							
МҒЗЖ Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, магистрлік диссертацияны орындаумен қоса						24				3,4,5,							720							
ҚА Қорытынды аттестаттау						12											360.0							
Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау						12				6							360							
Барлығы						120					3600	730	250	480	0	292	1168							

**Қосымша 3** Білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша қалыптасқан оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің өзара байланысы (Оқыту нәтижелерін қалыптастыруға пәндердің әсер ету матрицасы)

№	Наименование дисциплины	Краткое описание дисциплины	Кол-во кредитов															
				ON 1	ON 2	ON 3	ON 4	ON 5	ON 6	ON 7	ON 8	ON 9	ON 10	ON 11	ON 12	ON 13	ON 14	ON 15
<b>Цикл базовых дисциплин Вузовский компонент</b>																		
2	Академиялық мақсаттардағы шет тілі	"Академиялық мақсаттар үшін ағылшын тілі" пәнін оқу кәсіби және ғылыми қызметте шетел тілін қолданумен байланысты функцияларды орындау мақсатында магистранттардың кешенді теориялық-лингвистикалық, практикалық және ақпараттық-аналитикалық дайындығын қарастырады: көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын меңгеру, дискуссияны жүргізу, әртүрлі көздерден ақпаратпен жұмыс істей білу, шет тілінде кәсіби маңызды мазмұнның мәтіндерін редакциялау.	5		v													
	Шет тілі (кәсіби)	Шет тілі (Кәсіби) пәнінің мазмұны болашақ магистрлердің кәсіби және академиялық мақсаттар үшін кәсіби деңгейде шет тілін меңгеруге бағытталған, бұл мамандықтың ғылыми-ұғымдық аппаратымен еркін жұмыс істеуге, ғылыми-ақпараттық базаны кеңейтуге, ғылыми ақпаратты интерпретациялау, дәлелдеме, наным, ғылыми өріс, Академиялық хат дағдысын меңгеруге мүмкіндік береді.	5		v													
	Ғылым тарихы және философиясы	"Ғылым тарихы мен философиясы" пәнін оқу барысында магистранттар ғылыми білімнің құрылымымен, ғылыми зерттеу әдістерімен, ғылыми теориялар мен заңдардың функцияларымен танысады; ғылым мен оның философиясының өзара байланысын және айырмашылығын түсіндіру, ғылыми ойлау стилі, ғылым критерийлері туралы түсініктерді қалыптастырады.	5	v														
	Жоғары мектеп педагогикасы	"Жоғары мектеп педагогикасы" пәнін оқу барысында магистранттар жоғары мектеп педагогикасының пәні мен міндеттерімен, Жоғары мектептегі педагогикалық зерттеулердің әдістемесімен және әдістерімен, жоғары мектептің дидактикасымен және педагогикалық үдерісімен, оқыту заңдылықтарымен және принциптерімен, Жоғары мектептегі оқытудың әдістерімен, формаларымен және	3	v														

		құралдарымен, ҚР жоғары білім берудің қазіргі жағдайымен танысады.																	
	Басқару психологиясы	"Басқару психологиясы" пәнін оқу барысында басқару психологиясының ұғымдық аппараты, басшы және ұжым, еңбек ұжымындағы жанжалдар, басқарушылық қарым-қатынас, шешім қабылдау технологиясы, басқару субъектісі мен объектісі түсінігі, басшы және көшбасшы, бұйрық психологиясы, басқару субъектісі және объектісі ретіндегі тұлға, сын психологиясы, қарым-қатынас субъектілерінің психотиптері, сендіретін әсер етудің психологиялық техникасы қарастырылады.	5	v															
<b>Цикл базовых дисциплин</b>																			
<b>Компонент по выбору</b>																			
	Өсімдіктерді интегралды қорғау	Курс экологиялық, токсикологиялық талаптарды қанағаттандыратын барлық басқа әдістерді қолданумен қатар, бірінші кезекте табиғи факторларды шектейтін олардың зияндылығының экономикалық шегін ескере отырып, зиянды организмдермен күрес шараларының жүйесін зерттеуге бағытталған. Пән жоғары экономикалық әсер алуды, табиғи реттеу факторларын барынша пайдалануды, қоршаған ортаның пестицидтермен ластану қаупінің алдын алуды, өсімдік шаруашылығының экологиялық таза өнімдерін алуды қамтамасыз ететін әдістердің ұтымды үйлесімділігіне негізделген өсімдіктер	5			v													
	Ауылшаруашылық дақылдарының қоректенуін оңтайландыру	Пән топырақ құнарлылығын есепке ала отырып, тыңайтқыштар мен мелиоранттарды тиімді және экологиялық қауіпсіз қолдану негізінде далалық дақылдардың минералдық қоректенуін реттеу және оңтайландыру бойынша теориялық білімді қалыптастыруға және тәжірибелік дағды мен дағдыны алуға бағытталған.	5			v													
<b>Цикл профилирующих дисциплин</b>																			
<b>Вузовский компонент/Компонент по выбору</b>																			
	Тәжірибе ісінің әдісі	Зерттеу жүргізудің нақты әдістемесі жазылған, алынған зерттеу мәліметтері статистикалық өңдеуден өткізілген, сонымен қатар, бағалауға арналған критерия немесе критерилер нақты таңдаумен анықталған ғылыми зерттеулер жүргізудің дайын алгоритмі. Мақсаты - магистранттарда кәсіптік міндеттерді шешу үшін құзіреттілік жүйелері, ғылыми зерттеу әдістемесі бойынша білім және дағдылар, ауылшаруашылық дақылдарымен	5																v

		зерттеулер жүргізу бойынша құзіреттілік жүйелерін қалыптастыру.																	
	Патенттеу және зияткерлік меншікті қорғау	Курс магистранттарда зияткерлік меншік мәселелері бойынша білімді, өнертабыстарды, лицензияларды және басқа да зияткерлік меншік объектілерін пайдаланудың тиімділігін есептеудің жақсы теориялық және практикалық дағдыларын қалыптастыруға, сонымен қатар зияткерлік меншік объектілерін қорғаудың негізгі әдістерімен танысуға арналған. Пән бағдарламасында зияткерлік меншік саласында магистранттарды теориялық және тәжірибелік даярлау, болашақ мамандардың білім беру, ғылыми-техникалық, ұйымдастырушылық әлеуетін жүзеге асыру қарастырылған.	5																
	Егіншілік жүйесі және өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру	Пән аймақтық (заманауи) егіншілік жүйелері, заманауи егіншілік жүйесі және өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірудің қағидалары, ауылшаруашылық дақылдарының арамшөптер, ауру және зиянкестерімен күрес шараларының кешені, заманауи егіншілік жүйелеріндегі ауыспалы егістік жүйелері, сонымен қатар, топырққорғау егіншілігі және оның теориялық негіздері мен іс жүзінде қолдануды оқытуға бағытталған.	5						v										
	Селекция мен тұқым шаруашылығының теориясы және практикасы	Курс магистранттарда кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді, соның ішінде: селекция үшін жаңа бастапқы материалдарды жасау және селекциялық-тұқым шаруашылығы жұмысының қолданыстағы әдістері мен тәсілдерін жетілдіру.	5						v										
	А/ш дақылдарын өңдеудің қорунемдейші технологиясының агробиологиялық негіздері	Пән қазіргі ауыл шаруашылығы тәжірибесінде егіншілік заңдарын қолдану, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің өмір сүру жағдайларын оңтайландыру, өзіндік құны төмен түсімділіктің тұрақты экономикалық тиімді деңгейін қалыптастыратын жинақ технологияларын енгізу, дәнді, дәнді-бұршақты және майлы дақылдарды өсірудің ресурс үнемдеуші технологиялары, картоп өндірісіндегі ылғалэнергияны үнемдеу туралы білімді қалыптастырады.	5							v									
	Биометрия	Пән биометриканың негізгі әдістерін, алынған нәтижелерді өңдеудің математикалық және математикалық-статистикалық әдістерін зерттеуге бағытталған, белгілер мен құбылыстардың өзгергіштігін, тұқым қуалаушылығын, олардың арасындағы байланыс пен тәуелділікті анықтауға және нәтижелердің сенімділігін бағалауға, эксперименттік	5																v


		зерттеулердің нәтижелерін талдауда статистикалық әдістерді қолдануға, биометриялық талдау әдістерін қолдану дағдыларына ие болуға бағытталған. жеке өсімдіктерге, олардың топтарына, популяцияларына немесе тұтас агрофитоценоздарға сандық белгілері олардың өсу үшін оңтайлы жағдай таңдау.																
	Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сәйкестігін растау	Курсты оқу стандарттау мен метрологияның ғылыми және әдістемелік негіздерін, ауыл шаруашылығы өнімдерінің тұтынушылық қасиеттерін, өнімнің қауіпсіздігі мен сапасына қойылатын техникалық регламенттер мен стандарттардың талаптарын, оның сапасын бағалау әдістерін, сәйкестікті бағалау және сертификаттау ережелерін, халықаралық стандарттаудың маңызын көздейді.	5								v							
	Дақылдардың заманауи тұқымтану және тұқым шаруашылығының теориялық негіздері	Курс ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарын өндірудің биологиялық негіздері мен технологиялары бойынша білім мен іскерлікті қалыптастыруға арналған және магистранттың ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарын өндіру технологияларын жүзеге асыруға қабілеті. Пәнді оқу ауыл шаруашылығы ғылымының соңғы жетістіктері негізінде ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдары мен отырғызу материалын өндіруді ұйымдастыру қабілетін қамтамасыз етеді.	5						v									


Агрономия факультетінің деканы

Агрономия факультетінің АСК  
төрайымы

Егіншілік және өсімдік шаруашылығы  
кафедрасының меңгерушісі

 Стыбаев Г.Ж

 Кенжегулова С.О.

 Амантаев Б.О.



